BAITEREK

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

# ЭКСПОРТТАУШЫЛАРҒА ЕҢ ҮЗДІК ҚОЛЖЕТІМДІ ТЕХНИКАЛАРДЫ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР



www.kazakhexport.kz

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ – экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға белгілі бір дәрежеде әсер ететінін түсіне отырып, өз қызметін ашықтық пен әдептілік қағидаттары негізінде жүзеге асыратын әлеуметтік жауапты ұйым.

Қоғамның тұрақты даму қағидаттарына қол жеткізуге қосатын үлесі сақтандыру өнімдерінің кең желісін ұсыну, қаржылық емес қолдау шараларын көрсету арқылы экспорттаушыларды қолдау түрінде көрініс табады.

# Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі

2021 жылғы 1 шілдеде жаңа «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» (бұдан әрі – Кодекс) күшіне енді, ол қоршаған ортаны қорғауда технологиялық нормалауға – ең үздік қолжетімді техникалар (ЕҮҚТ), ресурстарды үнемдейтін технологиялар мен практикалар негізінде нормалауға, түзілетін қалдықтардың көлемін қысқарту мен қауіптілік деңгейін төмендетуге және оларды тиімді басқаруға, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға, суды үнемдеуге, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыру, табиғи ресурстарды орнықты пайдалану, қалпына келтіру және молықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға көшудің негізін қалады.

ЕҮҚТ-ны қолдану қоршаған ортаның ластануының кешенді алдын алуға, қоршаған ортаға теріс антропогендік әсерді барынша азайту мен бақылауға, ресурс тиімділігін арттыруға бағытталған.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

BAITEREK

# Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі

ҚР экологиялық заңнамасының міндеттерінің бірі мемлекеттің «жасыл» инвестицияларды тартуды және ЕҮҚТ-ны кеңінен қолдануды көтермелеуі мен ынталандыруы болып табылады.

Экологиялық кодекске сәйкес, 2021 жылғы 01 шілдеге дейін пайдалануға берілген жұмыс істеп тұрған объектілер үшін ЕҮҚТ-ны енгізу қозғалмайды. Бұл ретте олар ЕҮҚТ-ны ерікті тәртіппен енгізуге құқылы.

Жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялау/жаңғырту кезінде, сондай-ақ жаңадан іске қосылатын 1-санаттағы кәсіпорындар (қоршаған ортаға едәуір теріс әсер ететін объектілер) үшін бұл 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап міндетті талап болып табылады.

ЕҮҚТ-ны енгізу бойынша ақпаратты және ЕҮҚТ анықтамалықтарын «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ (ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен құрылған) сайтынан зерделеуге болады.

ЕҮҚТ-ны енгізуді және қолдануды ынталандыру мақсатында, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің 577-бабында салық төлеушілер үшін компанияның пайдасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, шығарылатын өнімнің өзіндік құнының тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін экономикалық ынталандырулар қарастырылған.

# ең үздік қолжетімді техникалар

өндірістің экологиялық қауіпсіздік кепілдігі

қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатындағы инновациялық шешімдер

шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсер ету деңгейін төмендетуге бағытталған ұйымдастырушылық және басқарушылық шараларды қамтамасыз ететін пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, техника мен жабдықтар

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ өз қызметінде орнықты даму қағидаттарын басшылыққа алады және әлеуметтік-экономикалық пен экологиялық даму арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге тырысады, сондай-ақ БҰҰ-ның Жаһандық шартының – орнықты даму саласындағы үздік бизнес-практикаларды дамытуға, енгізуге және хабардар етуге арналған көшбасшылардың ең ірі бастамасының қағидаттарын қолдайды.

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ өз қызметінде орнықты даму қағидаттарын басшылыққа алады және әлеуметтік-экономикалық пен экологиялық даму арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге тырысады, сондай-ақ БҰҰ-ның Жаһандық шартының – орнықты даму саласындағы үздік бизнес-практикаларды дамытуға, енгізуге және хабардар етуге арналған көшбасшылардың ең ірі бастамасының қағидаттарын қолдайды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

BAITEREK



**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы**

Қазақстан Республикасы,
Астана қ.
Мәңгілік Ел даңғылы, 55А үй, В блогы
«Бәйтерек» бизнес орталығы, 11-қабат,
Тел.: +7 (7172) 95-56-56
Кеңсе:
Тел.: + 7(7172) 95-56-56, ішкі 300E-mail:
info@kazakhexport.kz

www.kazakhexport.kz